Выполнение гражданских обязательств является важным аспектом современных деловых операций, и это жизненно важно для поддержания позитивных отношений между сторонами. Однако это часто осложняется такими факторами, как отсутствие четких договорных соглашений, неожиданные события и различия в правовых системах. Для решения этих проблем сторонам следует убедиться, что их договорные соглашения ясны и недвусмысленны, обратиться за юридической консультацией и изучить альтернативные решения в случаях, когда непредвиденные события препятствуют им выполнять свои обязательства, и убедиться, что их договорные соглашения соответствуют соответствующим законам и нормативным актам. Поступая таким образом, стороны могут гарантировать, что их гражданские обязательства выполняются своевременно и эффективно, и это может помочь укрепить доверие и позитивные отношения между сторонами и, в конечном счете, способствовать успеху современных деловых операций.

В заключение отметим, что обеспечение гражданско-правовых обязательств является сложным и многогранным аспектом современных деловых операций, и выполнение этих обязательств может представлять ряд проблем. Однако, понимая проблемы, возникающие при выполнении гражданских обязательств, и предлагая решения этих проблем, стороны могут гарантировать, что их обязательства выполняются

своевременно и эффективно. Это может помочь укрепить доверие и позитивные отношения между сторонами и, в конечном счете, способствовать успеху современных деловых операций

«Несколько второстепенных проблем, связанных со способами, которыми эти обязательства могут быть выполнены»

В Республике Казахстан Гражданский кодекс обеспечивает правовую основу для выполнения обязательств по обеспечению. Однако существует несколько второстепенных проблем, связанных со способами, которыми эти обязательства могут быть выполнены. Некоторые из основных проблем включают:

Правовое регулирование обязательств по обеспечению в Гражданском кодексе часто является слишком общим и недостаточным для решения сложностей реальных ситуаций. Это может привести к спорам и правовой неопределенности.

Также в Казахстане существуют ограниченные механизмы обеспечения соблюдения обязательств по обеспечению безопасности. Например, не предусмотрено автоматическое приведение в исполнение обязательств по обеспечению в случае нарушения, что может затруднить сторонам взыскание убытков [3].

Отсутствуют специализированные суды для разрешения споров, связанных с обязательствами по обеспечению безопасности, что может привести к задержкам в разрешении споров и увеличению судебных издержек.

Многие физические и юридические лица в Казахстане могут быть не в полной мере осведомлены о своих правах и обязанностях в соответствии с Гражданским кодексом, что может привести к несоблюдению обязательств по обеспечению безопасности.

Неэффективные юридические процедуры: Юридические процедуры обеспечения соблюдения обязательств по обеспечению безопасности могут быть длительными и дорогостоящими, что может удерживать стороны от обращения в суд и разрешения споров через суды.

Во многих случаях выполнение обязательств по обеспечению требует предоставления финансовых гарантий или обеспечения, такого как банковские гарантии или ипотечные кредиты. Однако доступ к финансированию в Казахстане может быть ограничен, особенно для малого бизнеса и частных лиц, что может затруднить выполнение этих обязательств.

Казахстан - разнообразная страна со множеством различных этнических групп и языков. Эти культурные и языковые различия могут затруднить сторонам эффективное общение и достижение взаимопонимания при выполнении обязательств по обеспечению безопасности.

Отсутствует стандартизация в способах выполнения обязательств по обеспечению безопасности, что может затруднить понимание сторонами своих прав и обязанностей. Это также может привести к непоследовательному применению закона и спорам.

Коррупция и бюрократические барьеры могут быть серьезными препятствиями для выполнения обязательств по обеспечению безопасности в Казахстане. Эти проблемы могут увеличить время и стоимость выполнения обязательств, а также создать неопределенность и юридические риски для сторон.

Для решения этих проблем необходимо более подробное и конкретное правовое регулирование обязательств по обеспечению безопасности, повышение осведомленности и просвещения в отношении прав и обязанностей сторон, а также усовершенствованные юридические процедуры обеспечения соблюдения обязательств по обеспечению безопасности. Кроме того, создание специализированных судов для разрешения споров, связанных с обязательствами по обеспечению безопасности, могло бы повысить эффективность правовой системы в Казахстане. Важно содействовать большей прозрачности, подотчетности и эффективности правовой системы, а также улучшить доступ к финансированию и поддержке для малого бизнеса и частных лиц. Это может включать создание программ юридической помощи, разработку стандартизированных

форм и процедур для выполнения обязательств по обеспечению безопасности, а также создание специализированных судов и механизмов разрешения споров. Кроме того, усилия по повышению правовой осведомленности и просвещению широкой общественности могут помочь обеспечить понимание сторонами своих прав и обязанностей в соответствии с законом.

Использованная литература:

1. Мусабек Алимбеков, председатель коллегии по гражданским делам Верховного суда РК Понятие и основания возникновения обязательств // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30186136
2. Вещные права в Республике Казахстан. Руководитель авторского коллектива М. К. Сулейменов - член-корреспондент Академии наук // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1017907
3. У.К. Канкулов, Судья Сарыаркинского районного суда города Астаны Основания возникновения обязательства и его исполнения // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37808392

Калкаева Несібелі Бақытқызы

*Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, Құқықтану кафедрасының қауымдастырылған профессоры, заң ғылымдарының кандидаты
e-mail: nesibeli77@mail.ru*

**ҚР ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ
БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ ОБЪЕКТИВТІ ЖАҒЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ**

Аңдатпа

Мақалада қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағының мазмұны, белгілері, оның міндетті және факультативті белгілері қарастырылып зерттеледі. Қоғамға қауіпті адам мінез-құлықтың сыртқы жақтарын анықтайтын іс-әрекеттері мен оның салдарының себепті сілтемесі, әлеуметтік қауіпті әрекет жасалатын орынға, уақытына, жағдайына жасалған іс-әрекеттің себеп салдарының, құралдарының белгілеріне анықтама беріледі.

Түйін сөздер: қылмыстық құқық бұзушылық, қылмыс, қылмыстық заң, қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы, қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жақтары, іс-әрекет, қоғамдық қауіп, себепті сілтеме.

**ПРИЗНАКИ ОБЪЕКТИВНОЙ СТОРОНЫ УГОЛОВНОГО ПРАВОНАРУШЕНИЯ
ПО УГОЛОВНОМУ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВУ РК**

Аннотация

В статье рассматриваются содержание, признаки объективного уголовного правонарушения, его обязательные и факультативные признаки. Приводится мотивированная ссылка на действия, определяющие внешние стороны поведения общественно опасного человека и его последствия, характеристика места, времени, состояния совершения социально опасного деяния на признаки причин, средств совершения.

Ключевые слова: уголовное правонарушение, преступление, уголовный закон, состав уголовного правонарушения, объективная сторона уголовного правонарушения, деяние, общественная опасность, причинная связь.

SIGNS OF AN OBJECTIVE PARTY TO A CRIMINAL OFFENSE UNDER THE CRIMINAL LAW OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract

The article considers the content, characteristics of an objective criminal offence, its mandatory and optional characteristics. A reasoned reference is made to actions that determine the external aspects of the conduct of a socially dangerous person and its consequences, characteristics of the place, time, state of commission of a socially dangerous act, signs of causes, means of commission.

Keywords: criminal offense, crime, criminal law, constitute a criminal offense, the objective side of the criminal offense, act, public danger, a causal relationship.

Қылмыстық құқық алғаш пайда болған кезінде теоретиктер қылмыстық мінез-құлықтағы объективті және субъективті жақтарды бөлген: қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағындағы бізбен қаралатын іс-әрекетті, ал өзінің жеке басының іс-әрекетіне жеке қарым-қатынасты – құқық бұзушылықтың субъективті жағына жатқызған [1, 58 б.].

Біздің зерттеудің нысаны ретінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының бір элементтері ретінде объективті жақ пен оның белгілері болады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағы қылмыстық құқықтың күрделі және көлемді ілімдерінің бірі болып табылады.

Ол қылмыстық құқық бұзушылықтың сыртқы жағы бола отырып қылмыстық құқық бұзушылық құрамының басқа да элементтері мен белгілерін айқындауға мүмкіндік береді.

Осылайша, объективті жақты зерттей отырып объектіні, кейін субъектіні анықтауға болады, көбінесе қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісіне тікелей логикалық тұрғыдан келуге болады.

Заманауи ақиқаттың жағдайында қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағына теориялық көзқарасты қарастыра отырып, оның маңыздылығына баға беру өте күрделі, себебі күнделікті жаңа мәселелер туындайды, дәстүрлі көзқарастар бұзылады, ал қазақстандық қылмыстық құқық институтының өзі айтарлықтай құралымдық өзгерістерге ұшырады.

Осыған орай, қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағының ғылыми талдауы нормативтік – құқықтың материалды және сот тәжірибесінің мысалдарын қарапайым зерделеуге болмайды. Талдау заң нормалары құрылған сол объективті заңнамаларды зерттеу және нәтиже ретінде тергеу, прокурорлық және сот практикасы құрылған зерттеулерден тұру керек.

Мақаланың мақсаты қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жақтарының барлық мәселелерін көрсету болып табылмайды; біз нақты ұсыныстарды енгізуге мүмкіндік беретін түйінді сұрақтарға тоқталамыз.

Осылайша, аталған мәселелерге қылмыстық құқықтың отандық және шетел теоретиктерінің көптеген жұмыстары арналған.

Алайда уақыт өте келе әлем де өзгеруде, сәйкесінше қылмыстық ғылымда да көп нәрсе өзгерді.

Аталған саладағы кейбір өзгерістер бойынша өз ұсыныстарымызды мазмұндауға кірісер алдында қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағындағы негізгі сұрақтарға тоқтала кетейік.

Объективті жақ нақты жерде және нақты уақытта нақты жағдайда орын алған қылмыстық мінез – құлықтың сыртқы актісі болады. Аталған акті әрекет немесе әрекетсіздіктен көрінеді. Қоғамдық қауіпті салдардың бар болуы қылмыстық құқық бұзушылықтың материалдық құрамы үшін міндетті болып табылады. Әрекет/әрекетсіздіктен нақты салдардың басталуына дейін қылмыстық құқық бұзушылықтың барысы қылмыстық құқық бұзушылықтың материалдық құрамындағы

объективті жақтың міндетті белгісі болып табылатын қылмыстық нәтиже мен әрекет/әрекетсіздік арасындағы себепті байланыс болып табылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтың жасау орны, уақыты, әдісі, құралдары – қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективті жағының факультативті белгілері болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағының мәнін бағалау өте қиын. Біздің пікіріміз бойынша ол келесіден тұрады:

- қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамын зерделеу форматында қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағы қазақстандық қылмыстық құқық бойынша қылмыстық жауапкершіліктің объективті негізі болып табылады;

- объективті жақтың белгілерін дәл анықтау қылмыстық құқық бұзушылықтың басқа құқық бұзушылық түрлерінен ажыратуға мүмкіндік береді;

- қылмыстық құқық бұзушылықты дұрыс саралау үшін зерттелетін мәселенің түйінді мағынасы бар. Сонымен қатар, қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағының барлық белгілері әрбір нақты қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге жататын мән-жайлар шеңберіне кіретінін, салдарынан айтарлықтай дәлелдік мәні бар екендігін ескеру керек.

- жазаны дараландыру қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағының ерекшеліктеріне байланысты, әсіресе жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән – жайлар.

Заң әдебиетінде әрекет пен әрекетсіздіктің түрлі ұғымдарына тектік ұғымдарды бөлу үшін түрлі негіздер ұсынылады.

Іс-әрекет қылмыстық-құқықтық мағынада психофизиологиялық мағынадағы іс-әрекетпен толықтай сәйкес келмейді, ол оның психофизиологиялық актісі бағасының жеткіліксіздігін анықтайды. Жалпы, ол психофизиологиялық ерекшеліктерге негізделген, нормативтік соның ішінде шартты нақты элементтермен толықтыратын арнайы әлеуметтік – құқықтық білімді ұсынады [2, 2012, 26 б.].

Біз объективті – заңды негіз ұсынылатын, нақтырақ әрекетті – оның дене тұрғысынан байқалған іс-әрекеттерінің қоршаған ортаға әсер етуі адамның белсенді мінез-құлқы ретінде айқындалатын әрекет, ал әрекетсіздік – тұлғаға моральдік нормалар мен заңнама шеңберінде жүктелген міндеттерді орындамау, яғни іс-әрекет объективті ақиқаттағы құбылыс ретінде, ал әрекетсіздік – қылмыстық құқықтың нормасында бекітілген заңды факті деген Тер-Акоповтың пікіріне қосыламыз [3, 2003, 74 б.].

Объективті жақтың институтында әрекет пен әрекетсіздікті ғана зерделеуді емес, алайда қылмыстық құқық бұзушылықты жасаудың екі түрінен айрықшалатын қызметті де зерделеуді ұсынамыз.

Кез келген қылмыстық құқық бұзушылық артынан түрлі салдарға әкеп соғады, алайда саралау мақсатында кейбіреуінің ғана мәні бар, нақтырақ:

- 1) қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісіне зиян келтіруді, яғни қоғамдық қарым – қатынастарға қолсұғушылық фактісі;

- 2) қылмыстық құқық бұзушылық нысанына зиян келтіру – дене, моральдік, материалдық.

Қылмыстық салдар туралы шынайы, нақты мағынада айтқан кезде (объективті жақ тұрғысында) қоршаған ортаның қылмыстық құқық бұзушылық өзгерістерімен туындайтын фактіні айтамыз, яғни нақты материалдық салдар [4, 1967, 30 б.].

Себепті байланыстың философиялық қорытындысының теориясы себеп пен салдардың өзара байланысы зат пен қуаттың берілуі сияқты сипатталмайды, алайда бір заттан екіншіге ақпаратты жіберу сияқты сипатталатынына қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Осыған орай, энергетикалықтан басқа, ақпараттық себептілік бар.

Ақпараттық себептілік ақпаратты жолдаумен байланысты (мысалы, компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыс құрамында) құрамдардан ғана табуға болады. Осылайша, онсыз қылмыс сыбайласының (айдап салушы, ұйымдастырушылар) жауапкершілігін дәлелдеуге болмайды. Ақпараттық себептіліктің екінші маңызды мағынасы - әрекетсіздік

кезіндегі қылмыстық жауапкершілікті дәлелдеу. Классикалық себептілік (дене) көмегімен оның дәлелдеу талпынысы соңғы зерттеулерде дәлелденгендей негізсіз болған.

Кез келген іс-әрекеттің қылмысты белгісі ретінде уақытты көрсету қылмыстық құқық бұзушылыққа сапалы әсер ететін нақты оқиғалар орын алатын уақыттың мезгілі немесе уақыт аралығын білдіреді.

Қылмыстық құқық бұзушылықты жасау орны екі тұрғыдан қаралады. Толық мағынада – әкімшілік учаскенің құзырлығындағы физикалық әлемнің, аумақтың бөлімі болып табылады. Нақтырақ айтқанда – қылмыстық құқық бұзушылықтың саралануына және қылмыстық құқық бұзушылықтың дараландыруына, сәйкесінше жазаға әсер ететін қылмыстық құқық бұзушылықтың кеңістік параметрлері болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықты жасау әдісі - объективті жақтың факультативтік белгілерінің арасындағы заңды мағынаға ие. Әдіс – қылмыстық құқық бұзушылықты жасау үшін қылмыскер қолданған, қоғамдық қауіпті іс-әрекеттер айқындалған амалдар мен тәсілдердің түрі болып табылады. Қолданыстағы қылмыстық заңнамада көзделген барлық негізгі құрамдар қоғамға қауіпті қолсұғушылықтың сыртқы байқалу әдісі бойынша ажыратылады.

Жеке заңдар бойынша дамитын қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына қатысты сыртқы процестерден қылмыскердің іс-әрекетімен жанамалық заттар мен процестерді ажыратуға болады, яғни қылмыстық құқық бұзушылықты жасау қаруы мен құралдары.

Қылмыстық құқықта құрал термині екі мағынада қолданылады. Кең мағынада «құрал» - мақсаттың жетуіне қызмет ететін кез келген зат. Ерекше қылмыстық құқықтық ұғымдағы қолсұғушылық құралы қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің тікелей иелігіндегі материалдық әлемнің заттарын және қылмыстық құқық күзетінің объектісіне әсер ету қаруы ретінде қылмыстық құқық бұзушылықты жасау барысында ол қолданылатын заттардан тұрады.

Қылмысты жасау қаруы - қылмыстық құқық бұзушылықты жасау қаруының түрі. Қылмыстық іс-әрекетті тікелей іске асыру үшін қолданылатын кез келген заттар болуы мүмкін (суық және атыс қаруының барлық түрлері, қайқы кілттер, бұзу құралдары және т.б.).

Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағын дұрыс түсіну оның жасалу жағдайы, яғни қылмыстық іс-әрекет жасалатын, объективті жағы дамитын және қылмыстық нәтиже орын алатын нақты шарттарды ескере отырып мүмкін. Аталған шарттар объективті олар қылмыскердің еркіне тәуелді емес, алайда кейбір жағдаларда саналы түрде қолданылып тіпті ішінара құрылуы мүмкін.

Жағдайдың құрамына кіретін материалдық заттардың санына қатерлі қауіп көзіне болатындар кіреді (көлік құралдары, өзге механизмдер, жарылғыш, радиобелсенді және т.б. заттар). Олардың жұмыс істеуіне байланысты жағдайдың қауіпті түрі туындайды. Сонымен қатар, кейбір жағдайларда жағдайдың ұқсас түрі табиғи – климаттық факторлардан туындайды. Қылмыстық құқық бұзушылықты жасау жағдайынан пайда болатын өзге факторлардан қарым-қатынастар мен процестер ажыратылуы мүмкін, бұл ретте жабайы жануарлар ортасында, сонымен қатар қоғамдық және тұрмыстық қарым-қатынастар мен процестер арасында орын алатын табиғи процестер мен қарым-қатынастар болуы мүмкін.

Қылмыстық құқық теориясында қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағы күрделі және көлемді оқыту болып табылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтың сыртқы жағы құрамның аталмыш элементі туралы ғана емес алайда қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері мен басқа да элементтерін анықтауға мүмкіндік береді.

Объективті жақ бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісін анықтауға, субъективті жақ бойынша субъектісін анықтауға болады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағының мәні қылмыстық құқық бұзушылық құрамының шеңберінде ол қазақстандық қылмыстық құқық бойынша қылмыстық жауапкершіліктің объективті негізі болып табылады. Объективті жақсыз

айыпталушының іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының бар – жоғы туралы қорытындыға келу мүмкін емес.

Қазақстандық заң шығарушы қылмыстық құқық бұзушылыққа келесі анықтаманы береді:

«1. Қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар болып бөлінеді.

2. Осы Кодексте айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады.

3. Қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, жеке адамға, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке болмашы зиян келтірген не зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге шығарып жіберу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) танылады[5].

Келесі баптарда Кодекс іс-әрекеттің екі түрі бар екендігін айқындайды: әрекет және әрекетсіздік.

Әрекетке сипаттама бере отырып, ең алдымен оның сыртқы сипатын көрсету керек.

Әрекеттің екінші белгісі – ол оның белсенділігі. Әрекеттің белсенділігі бізді қоршайтын әлемге деген нақты ықпал етуді білдіреді. Осылайша, кез келген іс-әрекеттің негізінде адамның дене қозғалысы жатады.

Әрекет адамның дене қозғалысына ғана қиысады ма немесе қозғалыстар жиынтығын, сонымен қатар адам қолданатын күштер мен заңдылықтарды қамтиды ма?

Осындай түрдегі сұрақ кездейсоқ қойылмады. Немесе іс-әрекет дене қозғалысына ғана қиысады немесе ол қозғалыстар, сонымен қатар күштер мен табиғат заңдылығының жиынтығы. Дене қозғалысының жиынтығы, сонымен қатар табиғаттың күштер мен заңдылықтарын қосқанда ол қызмет ретінде қаралу керек деген қорытындыға келдік. Біз объективті жақ туралы оқытуда тек ғана әрекет пен әрекетсіздікті ғана емес қылмыстық құқық бұзушылықты жасау түрінен өзге қызмет ретінде зерделеу керекпіз.

Егер де әрекетті біз объективті ақиқаттағы құбылыс ретінде айқындасақ, онда іс-әрекетсіздік – абстрактылы заңды санат ретінде айқындайық.

Заң әдебиетінде әрекетсіздік тұлғаның белсенсіз мінез – құлқы ретінде айқындалады.

Біз әрекетсіздіктің белсенсіз мінез – құлық деген анықтамасымен түбінде келіспейміз. Адамды абстрактылы дене тыныштығы жай – күйінде көзге елестету мүмкін емес. Субъект қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезінде екпінді іс-әрекетті дамыта алады, егер де ол бұл ретте оған заңмен жүктелген міндетті орындамаған болса, ол әрекетсіздік танытқан деп саналады.

Әрекетсіздікті тұлғаның оған заңмен жүктелген міндеттерін нақты түрде орындау ретінде айқындауға болады (егер де тұлғаның әрекет етуге мүмкіндігі бар болса), яғни заңды ұғым.

Әрекетсіздіктің нормативтік сипаты егер де әрекетсіздік әрекет ету міндетсіз ақылға сыймайды, ал соңғы заңмен ғана жүктеледі.

Кез келген қылмыстық құқық бұзушылық артынан түрлі салдарға әкеп соғады, алайда саралау мақсатында кейбіреуінің ғана мәні бар, нақтырақ:

1) қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісіне зиян келтіруді, яғни қоғамдық қарым – қатынастарға қолсуғұшылық фактісі;

2) қылмыстық құқық бұзушылық нысанына зиян келтіру – дене, моральдік, материалдық.

Қылмыстық салдар туралы шынайы, нақты мағынада айтқан кезде (объективті жақ тұрғысында) қоршаған ортаның қылмыстық құқық бұзушылық өзгерістерімен туындайтын фактіні айтамыз, яғни нақты материалдық салдар.

Салдар объективті жақтың белгісі ретінде қылмыстық құқық бұзушылықтың нысанына дене, мүлдік немесе материалдық зиян.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың міндетті шарттарының бірі себепті байланысты орнату қажеттілігі болып табылады.

Қылмыстық құқықта себепті байланыстың мәселесін шешу үшін себепті байланыстың түрлі теориялары ұсынылады. Көбінде тәжірибелік аспектіден қарағанда философиялық аспекті қарастырылады (қажеттілік және кездейсоқтық, мүмкіндік және шынайылық теориясы). Аталған теориялар көптеген философиялық сұрақтарға жауап береді, алайда негізгі тәжірибелік сұрақ себепті байланысты қалай анықтауға болатына жауап жоқ.

Себепті байланыстың философиялық қорытындысының теориясы себеп пен салдардың өзара байланысы зат пен қуаттың берілуі сияқты сипатталмайды, алайда бір заттан екіншіге ақпаратты жіберу сияқты сипатталатынына қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Осыған орай, энергетикалықтан басқа, ақпараттық себептілік бар.

Ақпараттық себептілік ақпаратты жолдаумен байланысты мысалы, компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыс құрамында құрамдардан қолданылуын табуға болады. Осылайша, онсыз қылмыс сыбайласының (айдап салушылар, ұйымдастырушылар) жауапкершілігін дәлелдеуге болмайды. Ақпараттық себептіліктің маңызды мағынасы - әрекетсіздік кезіндегі қылмыстық жауапкершілікті дәлелдеу. Классикалық себептілік (дене) көмегімен оның дәлелдеу талпынысы соңғы зерттеулерде дәлелденгендей негізсіз болған.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағының міндетті белгілерімен қатарлас қылмыстық-құқықтық саралауды іске асыру барысында қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағын сипаттайтын құрамның факультативтік белгілерінің маңызы зор. Олардың құрамына: қылмыстық құқық бұзушылықтың жасау орны, уақыты, әдісі, қылмысты жасау қаруы немесе құралы мен жағдайы.

Кез келген іс-әрекеттің қылмысты белгісі ретінде уақытты көрсету қылмыстық құқық бұзушылыққа сапалы әсер ететін нақты оқиғалар орын алатын уақыттың мезгілі немесе уақыт аралығын білдіреді.

Уақытта қылмыстық құқық бұзушылық құрамының міндетті белгісі болып табылады. Кейде уақыт қылмыстық құқық бұзушылықтың қарапайым құрамының конструктивті белгісі болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықты жасау орны – осы ұғымның екі өзара байланысты тұрғыларынан қаралу керек. Толық мағынада – кез келген мемлекеттің учаскесінің құзырлығындағы физикалық кеңістіктің, аумақтың бөлімі болып табылады. Нақтырақ айтқанда – қылмыстық құқықтың нормаларын көрсететін немесе оны білдіретін және қылмыстық құқық бұзушылықтың саралауы мен қылмыстық құқық бұзушылықты дараландыру мен жазаға тікелей әсер ететін қылмыстық құқық бұзушылықтың кеңістік сипаттамасы болып табылады.

ҚК көптеген баптарына қылмыстық құқық бұзушылықты жасау орны қылмыстық құқық бұзушылық құрамының конструктивтік белгілері ретінде қосылған. Аталған жағдайда қылмыстық құқық бұзушылық басқа жерде жасалғаны туралы ұйғарым іс-әрекетте қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауын немесе қылмыстық заңнаманың басқа баптары бойынша саралауды білдіреді.

Заң шығарушы қылмыстық құқық бұзушылықты жасау әдісі ретінде қарапайым құрамның конструктивті белгісі немесе қылмыстық құқық бұзушылықтың сараланған құрамының белгісі (жасырын, ашық, жарияланған, заңсыз, алдау арқылы, заңсыз кіру арқылы және т.б.) ретінде көрсетілген.

Қылмыстық құқық бұзушылықты жасау құралдары зиянды күшейтеді, оның жасалуын жеңілдетеді, ашылу қауіптілігін азайтады. Қылмыс жасау құралы – қылмыстық құқық бұзушылықты жасау құралының түрі ретінде қылмыстық іс-әрекетті іске асыру үшін қолданылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағы туралы нақты көрінісі

қылмыстық пиғыл іске асырылған нақты шарттар мен егжей-тегжейлерді ұсынатын оны жасау жағдайын ескерусіз мүмкін емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2022. – 768 б.
2. Плотников А.И. Объективное и субъективное в преступлении. Автореф. дисс. на соискание степени к.ю.н. - М., 2012. -32 с.
3. Тер - Акопов А.А. Преступление и проблемы нефизической причинности в уголовном праве. - М. - 2003. - 478 с.
4. Кудрявцев В.Н. Противоправное бездействие и причинная связь // *Советское государство и право*. -1967. -№ 5. - С.28-36.
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚР Заңы. URL <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z236>(өтініш берген күні: 17.03.2023)

Кудиярова Улбала Ерзатовна

«MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY (KAZGUU)» АҚ Жеке құқық департаментінің
Teaching Proffesor, з.ғ.к., Астана қ., Қазақстан Республикасы; e-mail:
y_kudiyarova@kazguu.kz

ЦЕССИЯ ШАРТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

Бұл мақаланы жазуымыздың себебі қазіргі таңда міндеттемедегі адамдардың ауыстырылуының жалпы ережелер бойынша реттелуіне тоқталу. Міндеттемедегі тұлғалардың ауысуы заңмен рұқсат беріледі және тараптардың келісімі болуы тиіс. Яғни талап етуде құқығында кредиторлар ауысады, ал борышты аударғанда борышкерлер ауысатын жағдайларды айтуға болады. Сонымен қатар, талап етуді беру (цессия) құқығын және борышты аудару шарттарының өзге шарттардан айырмашылығы, тараптардың міндеттері, шарттың елеулі ережелері қарастырылады. талап етуді беру (цессия) құқығы шартының түсінігі және талап етуді беру (цессия) құқығы шартына рұқсат берілмейтін жағдаяттар қарастырылады.

Түйінді сөздер: талап етуді беру құқығы, цессия шарты, міндеттемедегі адамдардың ауыстырылуы.

Кудиярова Улбала Ерзатовна

«M.S. AO "Narikbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti», *Teaching Proffesor департаментта частного права, к.ю.н., г. Астана, Республика Казахстан; e-mail:* y_kudiyarova@kazguu.kz

ОСОБЕННОСТИ ДОГОВОРА ЦЕССИИ

Аннотация

Причина обращения к заявленной в данной статье тематике состоит в том, что в настоящее время замена лиц, находящихся на обязательствах, регулируется по общим правилам. Смена лиц, находящихся в обязательстве, разрешена законом и должна быть согласием сторон. То есть можно говорить о случаях, когда в праве требования переходят кредиторы, а при переводе долга переходят должники, кроме того, рассматриваются обязанности сторон, существенные условия договора, в отличие от иных условий права передачи требования (цессии) и условий перевода долга. рассматриваются Понятие

договора права передачи требования (цессии) и обстоятельства, при которых договор права передачи требования (цессии) не разрешен.

Ключевые слова: право уступки требования, договор цессии, замена лиц, находящихся в обязательстве.

Kudiyarova Ulbala Erzatovna

"M.S. JSC "Narikbaev atyndaғы KAZGUU Universiteti"

Teaching Proffesor of the Department of Private Law, Candidate of Law,

Astana, Republic of Kazakhstan;

e-mail:y_kudiyarova@kazguu.kz

FEATURES OF THE ASSIGNMENT AGREEMENT

Abstract

The reason for referring to the topic stated in this article is that currently the replacement of persons who are on obligations is regulated by general rules. The change of persons under obligation is permitted by law and must be the consent of the parties. That is, we can talk about cases when creditors transfer the right of claim, and debtors transfer the debt, in addition, the obligations of the parties, the essential terms of the contract are considered, in contrast to other conditions of the right of transfer of the claim (assignment) and the conditions of debt transfer. The concept of the contract of the right of transfer of a claim (assignment) and the circumstances under which the contract of the right of transfer of a claim (assignment) is not resolved are considered.

Keywords: right of assignment of a claim, assignment agreement, replacement of persons under obligation.

Міндеттеменің ұғымы Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 268 бабында өз бекімін тапқан, міндеттеге сәйкес бір адам (борышкер) басқа адамның (кредитордың) пайдасына мүлік беру, жұмыс орындау, ақша төлеу және тағы да сол сияқты белгілі бір әрекеттер жасауға не белгілі бір әрекет жасаудан тартынуға міндетті, ал кредитордың борышкерден өз міндеттерін орындауын талап етуге құқығы бар. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 270 бабының 1 тармағына сәйкес, тараптар (борышкер мен несие беруші) және үшінші жақ міндеттемеге қатысушылар болып табылады. Сонда міндеттемедегі субъектілердің екі сатысы қарастырылған. Олар: тараптар (борышкер мен несие беруші) және үшінші жақ. Міндеттемедегі тұлғалардың ауысуы заңмен рұқсат беріледі және тараптардың келісімі болуы тиіс. Яғни талап етуде құқығында кредиторлар ауысады, ал борышты аударғанда борышкерлер ауысатын жағдайларды айтуға болады.

Міндеттемедегі адамдардың ауыстырылуы және соның ішінде талап ету құқығына қатысты, Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 339-347 баптар арасын қамтиды.

Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 339 бабына сәйкес, яғни несие беруші құқықтарының басқа адамға ауысу негіздері мен тәртібі ережесінің 1 тармағына сәйкес, міндеттеме негізінде несие берушіге тиесілі құқықтың (талап етудің) ол мәміле (талап етуді беру) бойынша басқа адамға берілуі немесе ол құқық заң құқығының негізінде басқа адамға ауыстырылуы мүмкін. Талап етуді беру құқығы (цессия) алғашқы несие беруші мен жаңа несие беруші арасындағы талап етуді беру құқығы туралы шарт. Яғни алғашқы несие беруші (цедент) мен жаңа несие беруші (цессионарий) арасындағы шарт.

Яғни, міндеттемедегі адамдардың ауысуы түрлі жағдайда қарастырылуы мүмкін, мәміле ретінде, міндеттеменің өзгеруі түрінде, мүліктік құқықтар мен міндеттердің ауысуының тәсілі ретінде және т.б. Міндеттемедегі адамдардың ауысуы әмбебап және ішінара құқықтықмирасқордың нәтижесі деп қарастыруға да болады. Әмбебап құқықтық

мирасқорлық заңда көрсетілген оқиғаларды орын алады. Мысалы, мұрагерлік құқық кезінде; заңды тұлға қайта құрылған кезде, ал ішінара құқықтықмирасқорлық шарт негізіндегі нақты міндеттемеге қатысты [1]. Бұл тұрғыда да Ө.С. Қыстаубай несие берушінің ауыстыру жағдайларын әмбебап құқық қабылдаушылық және жеке құқық қабылдаушылық деп қарастырады. Әмбебап құқық қабылдаушылыққа тұлғаның барлық құқықтары мен міндеттерінің екінші бір тұлғаға ауысуы деп қарастырса, ал жеке құқық қабылдаушылықты сингулярлы, яғни нақты құқықтың бір тұлғадан екінші тұлғаға ауысуы деп қарастырады және оларды да сот шешімі негізінде, кепіл болушы немесе кепіл беруші борышқордың міндеттемесін орындауына байланысты оған талап ету құқығы ретінде; суброгация жағдайында сақтандырушыға сақтанушының зиян келтірушіге қоятын талабы негізінде; талап ету құқығын берудің жалпы ережелері негізінде, заңмен көзделген өзге жағдайларда қарастыратынын тілге тиек еткен [2, 79 б.].

Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 339 бабына сәйкес, яғни несие беруші құқықтарының басқа адамға ауысу негіздері мен тәртібі ережесінің 1 тармағына сәйкес, міндеттеме негізінде кредиторға тиесілі талап етуді беру құқығының ауысуы қарастырылады. Бұл деген кредиторлардың ауысуы тек міндеттеме бойынша мүмкін және құқықты (талап етуді беруді) басқаға беру туралы келісімді жасасу сәтінде қолданыстағыға және осы келісімді жасасу сәтінде туындаған құқықтарға (талап етуді беруге) қатысты қолданылады дегенді білдіреді. Талап ету құқығы міндеттеме бойынша орындау нысанасы бөлінген (бөлінетін) жағдайда, бөлінген бөлімі басқаға беру нысанасы болуы мүмкін. Мысалы ақшалай талап бөлінетін болып табылады, осыған байланысты талап ету құқығын берудің пәні негізгі борышты, тұрақсыздық айыбын, залалды және т.б. төлеу бойынша талаптар болуы мүмкін. Егер тұрақсыздық айыбының, залалдардың мөлшері басқаға беру сәтінде айқындалмаса, онда тұрақсыздық айыбына қатысты құқықты (талап етуді беру құқықты) басқаға беру туралы келісім, тұрақсыздық айыбына қатысты құқықты (талап етуді беру құқықты) басқаға бермей залалдарды өтеу жарамсыз болады. Талап етуді беру құқығы туралы шарт азаматтық-құқықтық шарттар туралы жалпы ережелерге бағынады. Шарттың елеулі ережелері оның пәні болып табылады, яғни келісімшартта тікелей көрсетілген талаптың түрлері, талап етуді беру құқығынан туындаған міндеттеме нақтылануы тиіс. Талап ету құқығын беру – нақты міндеттеме бойынша алғашқы несие берушінің талап ету құқығының жаңа несие берушіге ауысуы жөніндегі келісімі [2, 79 б.].

Талап етуді беру құқығы ақысыз да, ақылы негізде рұқсат беріледі. Ақысыз келісімшарт сыйға тарту шарты ретінде қарастырылуы мүмкін, өйткені басқа тараптың меншігіне затты не өзіне немесе үшінші тұлғаға құқықты (талап етуді беру құқығын) тегін береді. Бұл келісімшарт құқықтық нысанда ақылы да, ақысыз да болуы мүмкін. Мысалы: алғашқы несие беруші затты танысына сақтауға береді, содан соң оны жаңа несие берушіге сатады), сыйға тарту шарты негізінде (ол затты сыйлайды). Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 325 бабына сәйкес кепіл туралы келісімшарт бойынша талап ету құқықтарын беру, яғни кепіл ұстаушы кепіл туралы шарт бойынша несие берушінің құқықтарын беру туралы ережелерді сақтай отырып, талап ету құқықтары арқылы өз құқықтарын басқа тұлғаға беруге құқылы. Осы тұрғыда борышкер тараптың келісім керек пе деген сұраққа жауап, Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 339 бабына сәйкес, яғни несие беруші құқықтарының басқа адамға ауысу негіздері мен тәртібі ережесінің 2 тармағына сәйкес, несие беруші құқықтарының басқа адамға ауысуы үшін, егер заң құжаттарында немесе шартта өзгеше көзделмесе, борышкердің келісімі талап етілмейді.

Егер кредитор құқықтарының басқа адамға ауысқаны жөнінде борышқорға жазбаша түрде хабарланбаса, жаңа кредитор осыдан туындайтын өзіне қолайсыз салдарға тәуекел етеді. Бұл жағдайда бастапқы кредитор міндеттемені орындағаны тиісті кредиторға орындағаны болып табылады. Бұл жерде тәуекелге баратын жаңа кредитор болып табылады.

Несие берушінің жеке басымен тығыз байланысты құқықтардың, атап айтқанда алимент жөніндегі және азаматтың өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыру жөніндегі талаптардың басқа адамға ауысуына жол берілмейді.

Жеке басына тығыз байланысты құқықтар мен міндеттер ауыспайтын жағдайларды қарастырып көрелік, яғни егер заң құжаттарында немесе шартта өзгеше көзделмесе, алғашқы несие берушінің құқығы жаңа несие берушіге құқықтың ауысуы кезінде болған көлемде және сондай жағдайларда ауысады. Атап айтқанда, жаңа несие берушіге міндеттемені орындауды қамтамасыз ететін, сондай-ақ басқа да құқықты, соның ішінде алынбаған сыйақыға (мүддеге) құқықты талап етуге байланысты құқықтар ауысады. Міндеттемедегі уәкілетті тұлға (кредитор) ауысады. Қалған міндеттемелік құқықтағы ережелер өзгеріссіз қалады, атап айтқанда, сол борышкер және оның міндеттері. Мысалы Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 840 бабының 1 тармағына сәйкес, егер мүліктік сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға сол төленген соманың шегінде, сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты адамға қоятын сақтанушының (сақтандырылған адамның) талап қою құқығы ауысады. Алайда қасақана залал келтірген адамға талап қою құқығының сақтандырушыға ауысуын жоққа шығаратын шарт талабы маңызсыз болады. Сақтандыру шартында суброгация термині (ауыстыру, беру) міндеттеменің өзін өзгертпей оның қатысушыларының біреуін ауыстыруын білдіреді. Суброгацияның цессиямен ұқсастығын екі жағдайда да несие беруші құқығының басқа ауысуы қарастырылып отыр. Бірақ дегенменде екеуінің айырмашылығы бар, цессия талап етуді беру туралы шарт жасалады, ал суброгацияда құқық шарт бойынша емес, жаңа несие берушінің алғашқы несие берушіге төлем жасауы бойынша ауысуы қарастырылады. Сақтандыру шартына қатысты бқл жерде суброгация, ал кепілдікке қатысты несие беруші құқығының басқа адамға өтуінің өзінше дербес жағдайы орын алады [3, 604 б.].

Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 342 бабына сәйкес, борышқор талаптардың осы адамға ауысқанына дәлелдемелерді өзіне табыс еткенше жаңа несие берушіге міндеттемелерді орындамауға құқылы.

Талап етуді беру құқығын басқа адамға берген несие беруші оған талап ету құқықтарын куәландыратын құжаттарды беруге және талапты жүзеге асыру үшін маңызы бар мәліметтерді хабарлауға міндетті.

Шарт негізінде немесе қабылдау беру актісі негізінде жүзеге асуы мүмкін

Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 343-бабына сәйкес жаңа несие берушінің талабына борышқордың қарсылық білдіруі

Борышқор міндеттеме жөніндегі құқықтардың жаңа несие берушіге ауысқаны туралы хабарды алар кезінде бастапқы несие берушіге қоймақшы болған қарсылықтарын жаңа несие берушінің талаптарына қарсы қоюға құқылы.

Несие беруші құқықтарының заң құжаттары негізінде басқа адамға ауысуы. Міндеттеме жөніндегі несие берушінің құқықтары заң құжаттары және соларда көрсетілген мынадай жағдайлардың болуы негізінде ауыстырылады, атап айтсақ,

- 1) несие берушінің құқықтарындағы әмбебап құқықты мирасқорлық нәтижесінде;
- 2) заң құжаттарында мұндай ауысу мүмкіндігі көзделсе, несие беруші құқықтарының басқа адамға ауысуы туралы сот шешімі бойынша;
- 3) міндеттемені оның кепіл болушысы, тапсырушысы немесе осы міндеттеме бойынша борышқор болып табылмайтын кепілге зат берушінің орындалуы нәтижесінде;
- 4) сақтандырушы сақтандыратын жағдайдың басталуына жауапты борышқорға несие берушінің құқықтарын алып берген кезде;
- 5) заң құжаттарында көзделген өзге жағдайларда басқа адамға ауысады

Талап етуді беру шарттары

1. Несие берушінің талап етуді басқа адамға беруіне жол беріледі, себебі ол заң құжаттарына немесе шартқа қайшы келмейді.

2. Егер несие берушінің жеке басының борышқор үшін елеулі маңызы болса, борышқордың келісімінсіз міндеттеме жөніндегі талап етуді беруге жол берілмейді.

Кепіл туралы шарт бойынша құқықтарды беру. Бұған мысал, Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 325 бабына сәйкес, егер 1. Кепіл ұстаушы кепіл туралы шарт бойынша несие берушінің құқықтарын беру туралы ережелерді сақтай отырып талапқа көну арқылы өз құқықтарын басқа жаққа беруге құқылы.

2. Кепіл туралы шарт бойынша кепіл ұстаушының өз құқықтарын басқа адамға беруі, егер кепілмен қамтамасыз етілген негізгі міндеттеме бойынша борышқорға талап ету құқықтары нақ сол адамға берілсе, заңды болады.

Талап етуді беру нысаны келесі негіздер бойынша жүзеге асады, олар:

1. Жазбаша (жай немесе нотариалды) түрде жасалған мәмілеге негізделген талап етуді беру тиісті жазбаша түрде жасалуға тиіс.

2. Мемлекеттік тіркеуді талап ететін мәміле бойынша талап етуді беру осы мәмілені тіркеу үшін белгіленген тәртіп бойынша тіркелуге тиіс.

3. Ордерлі бағалы қағаз бойынша талап етуді беру осы бағалы қағаздағы индоссамент арқылы жасалады.

Талап етуді берген несие берушінің жауапкершілігіне тоқталатын болсақ, егер талап етуді берген бастапқы несие беруші жаңа несие берушінің алдында оған берілген талаптардың жарамсыздығы үшін жауап береді, бірақ бұл талапты борышқордың орындамағаны үшін бастапқы несие беруші жаңа несие берушінің алдында борышқор үшін кепіл болуды өзіне алғаннан басқа жағдайда, сондай-ақ егер Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің немесе шартта өзгеше көзделмесе, жауап бермейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Гражданский кодекс Российской Федерации. Ч.1 [Текст]: Постатейный комментарий. -1326 с. М., - 2011

2. Қыстаубай Ө.С. Азаматтық құқық. Оқу құралы. – Алматы, «Асыл мұра», 2011. – 324 б.

3. Азаматтық құқық. I том. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық (академиялық курс). Өңделген және толықтырылған 2-басылымы. Жауапты ред.: М.К. Сүлейменов, Ю.Г. Басин. – Алматы, 2003. – 736 бет

С.Ж.Кусаинов

з.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институтының, құқықтану кафедрасының қауымдастырылған профессоры
e-mail: zagalbaili@mail.ru

ПАРАҚОРЛЫҚТЫ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУГЕ ҚАРСЫЛЫҚ БІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Мақала сыбайлас жемқорлықтың көрінісі ретінде пара алуды тергеп-тексеруге қарсы тұру мәселесін зерттеуге арналған. Қарсылықты еңсеруді толығырақ түсіну үшін автор пара алуды сотқа дейінгі тергеуге қарсылық пен оны жеңу шараларын талдайды.

Түйін сөздер: сыбайлас жемқорлық, пара алу әдістері, құқық бұзушы, парақорлыққа қарсы іс-қимыл, пара алуды сотқа дейінгі тергеу, виртуалды із.

Кусаинов С.Ж.

к.ю.н., и.о. ассоциированного профессора кафедры юриспруденции ИИиП НАО «КазНПУ имени Абая», e-mail: zagalbaili@mail.ru

ПУТИ РЕШЕНИЯ ПРОБЛЕМЫ РАССЛЕДОВАНИЯ ВЗЯТОЧНИЧЕСТВА

Аннотация

Статья посвящена изучению проблемы противодействия расследованию взяточничества как проявления коррупции. Чтобы более полно понять преодоление сопротивления, автор анализирует сопротивление досудебному расследованию получения взятки и меры по ее преодолению.

Ключевые слова: коррупция, методы взятки, правонарушитель, противодействие взяточничеству, досудебное расследование взяточничества, виртуальный след.

Kussainov S. Zh.

Associate Professor of the Institute of History and Law named after Abai Kazak National Pedagogical University
e-mail: zagalbaili@mail.ru

WAYS TO RESOLVE PROBLEMS OF OBJECT TO BRIBERY INVESTIGATIONS

Abstract

The article is devoted to the study of the problem of countering the investigation of bribery as a manifestation of corruption. For a better understanding of overcoming opposition, the author analyzes the opposition to pre-trial investigation of bribery and measures to overcome them.

Key words: corruption, methods of receiving a bribe, offender, counteraction to bribery, pre-trial investigation of bribery, virtual footprint.

Сыбайлас жемқорлықтың көрінісі парақорлық мәселесі соңғы жылдары заңгер ғалымдар арасында қызу пікірталасқа айналып қана қоймай, тәжірибелік қызметіне де тікелей әсер етті. Парақорлық құқықтық мәдениетке, адамның құқықтары мен бостандықтарына қауіп төндіріп, мемлекеттің экономикалық дамуын тежейді. Қазақстан, басқа да посткеңестік республикалар сияқты, қазір парақорлық өте кең тараған мемлекет ретінде қабылданады. Қазіргі уақытта парақорлық мемлекеттік және муниципалдық қызметтен бөлек, білім беру, жеке сектор, кәсіподақтар мен саяси партиялар арасында, шоу-бизнес әлемінде, спортта және өмірдің басқа салаларында да орын алуда. Қоғам мен мемлекет дамып, онымен бірге сыбайлас жемқорлықтың да алуан түрлілігі, параның түрі күрделеніп, шиеленісе түсуде. Парақорлыққа қарсы күрес құқық қорғау қызметкерлеріне пара берген адамдарды жауапкершілікке тартуды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарын жоюды, заңсыз алынған мүлікті немесе көрсетілген қызмет құнын өндіруді, құқық бұзушылықтар нәтижесінде жасалған актілер мен сыбайлас жемқорлық әрекеттердің күшін жоюды, бұзылған заңды құқықтар мен мүдделерді қалпына келтіруді көздейді. Сыбайлас жемқорлық жүйелі құбылыс екенін ескерсек, онымен күрес жүйелі болуы керек. Осыған байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тетіктерін одан әрі жетілдіру қажет. [1, б. 29]

Пара алудың алдын алу, ашу және тергеп-тексеру құқық қорғау органдарының маңызды міндеті болып табылады, өйткені парақорлық әрекеттерін жүзеге асырудың ауқымы мен ерекшеліктері және олардың таралу жолдарыда қарқын алуда. Қылмыстық құқық бұзушылықты тез, толық және сапалы тергеп-тексеру және оны жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтың бұлтартпастығы қағидасын жүзеге асыру ғана жағдайды өзгерте алады. Бұл қылмыстарды тергеудің өз ерекшеліктері мен күрделілігі бар, ол криминалистикалық әдебиеттерде пара алудың заманауи әдістері жеткілікті зерттеуді қажет етеді. Қылмыстың бұл түрінің нашар ашылуының себептері пара алуды тергеудің теориялық және практикалық негіздерінің жеткіліксіздігі болып табылады, бұл құқық қорғау органдарының қылмыстық құқық бұзушылықтың осы түрін тергеп-тексеру әдістерін білмеуі. Тәжірибеде тергеушіден жоғары кәсібилікті, жоғары тәжірибені, осы

қылмыстың мәні мен оны дәлелдеу әдістерін терең білуді, кейде жеке азаматтық батылдықты талап етеді. Өкінішке орай, тәжірибелі, кәсіби тұрғыдан жетілген тергеушілер саны жеткіліксіз. Пара алу фактілерін тергеп-тексеру кезде бірқатар маңызды мәселелер туындайды, олар төмендегідей: 1) бұл санаттағы істерде жәбірленуші жоқ, екі тарап та параны бір адам беріп, екінші тұлға алғанын жасыруға мүдделі. Бұл жағдай тергеушінің қылмысты ашу және іс бойынша жеткілікті дәлелдемелерді жинау мүмкіндігін айтарлықтай төмендетеді, нәтижесінде айыптаулардың көпшілігі жанама дәлелдерге негізделеді, оларды бағалау айтарлықтай қиындықтар туғызады; 2) қылмыстық құқық бұзушылық көп жағдайда латенттіктің жоғары дәрежесімен және қоғам үшін жағымсыз салдарлармен сипатталатын қауіпті әлеуметтік-құқықтық құбылыс куәлерсіз іске асырылады; 3) қылмыс жасау әдісі көбінесе параның қолдан қолға ауысуын білдіреді, бұл ең көп кездесетін жағдайлар. Бірақ қазір пара алу мен берудің жасырын тәсілі кең тараған, мысалы, пара алуды цифрлық технологияларды пайдалану. Цифрландыру сыбайлас жемқорлықтың көрінісі парқорлықтың жаңа схемаларын тудыратынын есте ұстаған жөн: «үлкен деректер» саудасынан бастап дауыстарды санау арқылы алаяқтыққа немесе «кездейсоқ» бағдарламалық жасақтама қателері мен смарт келісімшарттардағы сәтсіздіктерге дейін. Қазіргі қылмыскерлер арнайы технологияларды жасақтап, оларды заңды «айналып өту» үшін қолданады.

Цифрлық технологиялардың дамуы паракорлықпен күресумен айналысатын құқық қорғау органдарының криминалистикалық қызметіне де әсер етеді. Қылмыстың жаңа түрлерінің пайда болуына, сонымен қатар цифрлық технологиялардың жалпы тұрмыстық, әкімшілік коммерциялық құрылымдар дәлелдемелерді, қылмыс іздерін жинаудың әртүрлі тәсілдерінде жаңа мүмкіндіктер ашты. Тіпті жаңа термин пайда болды – «виртуалды із» бұл компьютерлік және цифрлық ортадағы белгілі бір әрекеттердің, қылмысқа байланысты компьютерлік ақпаратты сақтау жүйелерінің өзгеруінің нәтижесі деп түсініледі. Мұндай іздерге жатады компьютердің қатты дискілері, басқа сақтау құралдары, жедел жадтағы іздер, әртүрлі цифрлық құрылғылар, мобильді байланыс жүйелері; 4) Паракорлық әрекеттерін ашу мен тергеп - тексерудегі қиындықтар қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-процессуалдық иммунитеттен туындайды. Біріншісі еңсерілсе, екіншісі қылмыстық қудалауды жүзеге асыруда қосымша кедергілер тудырады. Қылмыстық іс жүргізуден иммунитеті бар адамдарға қатысты қылмыстық қудалауды жүзеге асыру, әдетте, тактикалық тұрғыдан қиын, ал қылмыстық істер сирек сотқа жетіп, кінәлі жауапкершілікке тартылады. Осылайша, қол сұғылмаушылық құқығын иелену саналы түрде заңсыз әрекеттерге баратын адамдар үшін қалайлы мақсат болып табылады, сондықтан шенеуніктер пара алумен шектелмейді, билік құрылымдарына кіруге ұмтылады. Тергеп тексеруге қарсы әрекеттің ең белсенді субъектілері күдіктіден (айыпталушыдан), адвокаттардан және жемқор басшылар мен лауазымды тұлғалардан басқа кейде тергеу субъектісінің тікелей жетекшілері де болады.[2, б. 214]

Тәртіп сақшылары ауыр жұмысы үшін мемлекет тарапынан өте аз жалақы төленеді деген сылтаумен пара алады. Пара алу бойынша қылмыстық істердің құқық қорғау қызметкерлеріне, негізінен полиция қызметкерлеріне, салық инспекция қызметкерлеріне, кеден органдарына, сирек жағдайларда прокурорларға қатысты қозғалатыны соның айғағы. Көп жағдайда қылмыстық істердің жартысына жуығы азаматтардың лауазымды тұлғалардың олардан пара бопсалау туралы арызы бойынша қозғалады, ал бұл соңғысының парамен ұсталуымен, яғни қылмыс фактісі анықталған паракорлығы анық кезде қозғалады. Басқа жағдайларда тергеп-тексерудің сәттілігіне сенбейтін, тергеп-тексеру туралы шешім қабылдаудан жалтаратын тергеушілер негізсіз ұзақ және қажетсіз алдын ала тексерулерді іске асырады, нәтижесінде уақыт пен істі дәлелдеу мүмкіндігі жоғалады. Пара алу істерінің ерекшеліктері іс жүзінде дер кезінде тергеп тексерудің өзі пара алушылардың әшкереленуіне кепілдік бермейтінін көрсетеді. Пара алу фактілері бойынша алғашқы жүргізілетін тергеу әрекеттерінің бірі арыз берушіден жауап алу болып табылады. Жауап алудың өзектілігі бастапқы кезеңде жасалған қылмыс туралы мәліметтердің болмауына

